



Аршалы айнасы

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

19 ТАМЫЗ, ЖҰМА.
2016 ЖЫЛ, №35 (515)



ҚҰРМЕТТІ СПОРТШЫЛАР МЕН СПОРТ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ!

Сіздерді жылжытпалық спорт күні –
мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазіргі күндерде дене тәрбиесі мен спорт – жастар тәрбиесі, олардың денсаулығы мен адамгершілікті көтеру, адамдардың денсаулығын нығайту, бос уақытты мәнді ұйымдастыру секілді көптеген әлеуметтік проблемаларды шешудің маңызды тетігі. Көптеген азаматтар үшін спортпен шұғылдану жеке басты үйлесімді дамытудың, салауатты тірлік кешудің ажырамас бөлігіне айналды. Міне, сондықтан да біздің елімізде дене тәрбиесі мен спортты қазақстандықтардың салауатты өмір салтының құрамдас бөлігі ретінде дамытуға ерекше мән беріледі.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына кезекті Жолдауында «Салауатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жасаукершілігі қазғидаты – міне, осылар денсаулық саласындағы және халықтың күнделікті тұрмысындағы мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс», – деп атап көрсетті. Бүгінгі күні дене тәрбиесі мен спортты мамандығына айналығандардың барлығына да шын жүректен құрмет сезімін білдіргім келеді. Олардың мақсаткерлігі мен жасаукершіліктері, моральдық биік деңгейі мен төзімділігі нәтижесінде біздің ауданымыз бірқатар спорт түрінен алдыңғы қатардан көрінуде.

ҚЫМБАТТЫ АРШАЛЫЛЫҚТАР!

Сіздердің әрқайсысыңызды дене тәрбиесімен және спортпен белсенді түрде шұғылданауға шақырамын. Біздің бабаларымыз: «Тәні сауудың – жаны сау» деп бекерге айтпаған. Спорт қана адамдарға денсаулық, қуи-жігер, сұлулық сыйлайды, қиындықтарды жеңуге үйретеді, орнықты мінезге бейімдейді.

Сіздердің бұл бағыттағы белсенді іс-қимылдарыңыз отбасыларыңызға бақыт пен игіліктер әкелсін, ал алған асуларыңыз бен жетістіктеріңіз спорт алаңдарында ғана емес, күнделікті өміріңізде де қатар жүрсін! Спорт күні қарсаңында барлық спортшыларды, жастықтарыңыздарды, ардагерлерді, спортқұмарлар мен жанкүйерлерді мерекемен құттықтай отыра, мықты денсаулықтың арқасында жаңа табыстарға қол жеткізе беріңіздер демекші.

А.ТАЙЖАНОВ, Аршалы ауданының әкімі.

Әкімдік жаңалықтары

МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

25 тамызға дейін ауданның барлық оқу орындары жаңа оқу жылының басталуына толықтай дайын болып, қысқа екі айлық отын қорымен мектептер қамтамасыз етілуі керек деген міндет қойды - аудан әкімі Азамат Тайжанов Аршалы ауданының білім беру бөлімінің басшысы мен ауылдық округтер әкімдеріне.

Аудан әкімі Азамат Тайжанов ауылдық округтер мен Аршалы кенті әкімдері, дербес бөлім басшылары мен аудандық қызметтер, коммуналдық кәсіпорындардың директорлары мен БАҚ өкілдерінің қатысуымен кезекті аппараттық кеңесін өткізді.

Білім беру нысандарының жаңа оқу жылына дайындығы туралы кеңесте Аршалы ауданы білім бөлімінің басшысы Нүркен Тілеубаев баяндама жасады. Азамат Айтбайұлы баяндамашының ақпаратты мәліметін тыңдай келе, ауданның білім бөлімі басшысы мен селолық округтер әкімдеріне 25 тамызға дейін ауданның барлық оқу орны жаңа оқу жылына дайын болып, кем дегенде қысқа екі айлық көмір қорымен мектептер қамтамасыз етілуі керек деді. Сондай-ақ, мектептерді педагогикалық мамандармен және оқулықтармен қамтамасыз ету мәселелері де қаралды.


Бұдан әрі кеңесте Аршалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Асылбек Байжұма бөлімінің 2016 жылдың бірінші жарты жылдығындағы атқарған қызметі туралы баяндама жасады. Атап өтілгендей, бүгінгі күні ауданда 22 клуб кәсіпорындары, солардың бірі – жеке, 25 мемлекеттік кітапхана, 262 адам қатысатын әр түрлі бағыттағы 14 әуесқой бірлестіктер бар. Біздің кәсіби көркемөнерпаздарымыз түрлі халықаралық, республикалық және облыстық фестивальдарға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп, үнемі өздерінің кәсіби шеберліктерін арттыруда. Ауданда төрт ұжым "Халықтық" атағына ие. Бұлар – В. Н. Зеленый ансамблі, "Задоринка" ансамблі,

отбасылық "Алмагүл" ансамблі, "Мираж" би ұжымы. Аршалылық кітапханашылар көптеген қызықты, саяси және танымдық сипатығы іс-шараларды жоғары деңгейде жүргізуде. Сонымен қатар бөлімінде мәселелерде жоқ емес. Атап айтар болсақ, көптеген ауылдық клубтар мен ауылдық мәдениет үйлеріне күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары мен материалдық-техникалық базасын нығайту, ауылдық округтерде мамандар керек. Мүмкіндігінше аудан орталығына жаңа мәдениет үйі мен Қойгелді ауылына жаңа клуб салу керек.

– Мәдениет саласында туындаған мәселелер әрине көп, – деді аймақ басшысы Азамат Тайжанов. – Бірақ, мүмкіндігінше, оларды шешу керек екені де айтылды. Алайда, маңызды мәселелерді шешуге талпыну керек. Биылға қаражат жетіспейді, ал келесі жылға бірнеше мәдениет нысандарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге жоспар жасау көзделуде. Ал қазір мәдениет үйлері клубтарды қысқы отын қорымен қамтамасыз етілуі тиіс. Қазақстан Тәуелсіздігінің -25 жылдығы жақындап келеді барлық ауылдарда ауылдастардың қатыстырылуымен мерекелік шаралар өткізілуі керек. Кеңесті аяқтай келе, аудан әкімі Азамат Тайжанов ауылдық округтердің әкімдері, дербес бөлімдердің басшылары мен аудандық қызметкерлерге маңызды мәселелерді, егін науқанына, қысқа дайындықты жалғастыру, абағандыру, автокөлік жолдарын жөндеу, бюджеттік қаражатты игеру және орындаушылық тәртіпті айырықша бақылауға алу керектігін атап өтті.

21 тамыз - Спорт күні

АЛҒА, ҚАЗАҚСТАН!



Төрткүл дүниенің назарын қаратып, әлемнің түпкір-түпкірінен жиналған кіл мықтылардың басын қосқан Рио-де-Жанейродағы XXXI Олимпиада ойындарында ауыр атлеттеріміз Ниджат Рахимовтың алтыны, Жазира Жаппарқұлдың күмісі және Дмитрий Баландиннің алтынынан кейін Қазақстан құрамасы 15-орынға көтерілді.

Көгілдір экран алдында телміріп, ел намысын аркалаған спортшыларымызға жанкүйер болған Рио Олимпиадасының көрігі күн өткен сайын қызып келеді. Дәл қазірге дейін, 67 мемлекет Олимпиада медальын алып үлгерген. Қазақстан коржынына бүгін түскен ауыр атлетіміз Ниджат Рахимов, жүзуші Дмитрий Баландиннің алтындыры мен Жазира Жаппарқұлдың күмісінен кейін 2 алтын, 3 күміс, 5 қола медальмен 15-орынға көтерілді.

Ал АҚШ алтын медальдар саны 26-ға жеткізіп, көш бастап келеді. Олардың еншісінде 26 алтын, 23 күміс, 25 қола бар. Екінші орында 16 алтын, 17 күміс, 8 қола жеңіп алған Ұлыбритания құрамасы келеді. Ал үшінші орынға 15 ал-

тын, 14 күміс, 17 қола медальді иеленген Қытай спортшылары көтерілді.

Еске сала кетейік, жарыстың алғашқы күнінде дзюдодан ерлер арасында 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түскен Елдос Сметов ел коржынына күміс жүлде салса, 48 келіге дейінгі салмақта әйелдер арасында жарысқа қатысқан Отгонцэцэг Галбадрах Олимпиада ойындарының қола жүлдегері атанды. Ал үшінші медальді коржынға ауыр атлет Фархат Харки салды. Ол ерлер арасындағы 62 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен болатын. Олимпиаданың төртінші күні тағы бір ауыр атлет қызымыз Карина Горичева 63 келі салмақта төртінші медальді ел коржынына салса, Олимпиаданың бесінші

күні екі ауыр атлетіміз Ниджат Рахимов пен Жазира Жаппарқұл 1 алтын, 1 күміс медаль олжалап, мерейімізді бір көтеріп тастаған еді. Көп ұзамай жүзуші Дмитрий Баландин 200 метр қашықтыққа жүзуден 2:07,46 көрсеткішке қол жеткізіп, екінші алтын медальды коржынымызға салды. 91 келі салмақтағы боксер Василий Левит үшінші күмісті еншімізге салса, жеңіл атлетикадан Ольга Рыпакова төртінші және 105 келі зіл темірді көтерген Александр Зайчиков бесінші қоланы иеленді. Сонымен жалпы командалық есепте Қазақстан онбесінші орында тұрмыз. Алда әлі де өз күштері мен әдістерін алдыға салатын спортшыларымыз бар. Оларға тек жеңісті тұғырдан көрінуіне тілектеспіз. Алға, Қазақстан!

Ақпарат арнасы

СЕНАТ ДЕПУТАТТАРЫ БІЗДЕ ҚОНАҚТА БОЛДЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Р. Қ. Әкімов пен Ж. Е. Ергалиев ауданымызға жұмыс сапарымен келді.



Аудан әкімі Азамат Тайжановпен және аудандық Әмслихаттың хатшысы Қайрат Шедербековпен бірге олар Арнасай ауылдық округінде болып, ондағы жаңа жасыл технологиялар Академиясын тамашалады. Вячеслав ОМ мен "Ақбота" қоғамдық қорының директоры Татьяна Немцан ондағы ахуалмен таныстырды. Содан кейін аудан орталығында парламент депутаттары аудандық мәслихаттың депутаттарымен кездесті.

Әңгіме барысында депутаттық корпусының рөлін арттыру, бірлескен ынтымақтастық туралы, сондай-ақ жер реформасы мәселелері бойынша сұрақтар қаралды.

Табандылық пен еңбектің арқасында



Руслан Юнусов – облыстық спартакиададағы жеке жарыс бойынша біздің жалғыз жеңімпазымыз. Ол Астрахан ауданында өткен XXIX жазғы облыстық "Ақ Бидай" спартакиадасында ядроны итеру сынды жеңіл атлеттің жеңімпазы. Руслан осы мақсатқа жету үшін көп жаттығып, мақсатына жетуде. Ол аудандық спартакиаданың бірнеше дүркін жеңімпазы. Сонымен қатар, облыстық "Ақ Бидай" спартакиадасында жеңіске жету туралы арманын жүзеге асырды. Міне, лайықты "алтын"!

Суретте: Руслан Юнусов.
Суретті түсірген В. ЦЫГАНОВ.

ДОҒЫ ОҒЫНЫНЫҢ МАҒТАЛМАНЫ

Гүлнар Мырзахметқызы Байдилдина 2008 жылдан бері біздің ауданда тұрады. Отбасымен бірге ол Михайлов ауылына келіп, мұнда мектепке дейінгі білім беру саласында, яғни, "Колокольчик" балалар бақшасының меңгерушісі болып қызмет істеді. 2014 жылы Гүлнар Мырзахметқызы Аршалы №3 орта мектебіне директор болып ауыстырылып, осы күнге дейін жұмыс істеуде. Гүлнар сияқты көпшілігіміздің балалық шағымызда өзіндік сүйікті сабақтар мен ойындарға деген қызығушылығымыз болғаны рас. Оның әкесі де дойбы ойынын ойнайды. Гүлнар дойбы ойын әкесінен үйренген. Содан бері ол осы ойынмен талай жеңістіктерге жетуде. Жұмыстың қауыртығы мен отбасылық күйің тірлікке қарамастан (жұбайы екеуі үш бала тәрбиелеуде) ол үнемі әр түрлі жарыстарға, атап айтқанда, облыстық "Ақ Бидай" спартакиадасына қатысуда. Өткен жылы ол біздің ауданымыздың құрама командасының құрамында болып, күміс жүлдегер атанды. Биылғы спартакиададағы жеті ойынның алтауын жеңіспен аяқтады. Гүлнар Мырзахметқызы – өте жауапты және кеңпейіл адам, құрама команданың нағыз шебер ойыншысы әрі құраманың көшбасшыларының бірі. Жас спортшылардың үлгі тұтар нағыз беделді адамы. Міне, оларға шеберлікті, жауынгерлік рухты, отансүйгіштікті кімнен үйрену керек. Ал осы қасиеттерсіз спортта жеңіске қол жеткізу мүмкін емес.



Құрметті Аршалы ауданының спортшылары мен салауатты өмір салтын қалыптастырушы әуесқойлар! Қазақстан Республикасы Президенті Н.А. Назарбаевтың 2011 жылғы 20 қазандағы Жарлығына сәйкес тамыз айының әрбір үшінші жексенбісі Спорт күні болып белгіленген. Баршаңызды Спорт күнімен құттықтай отырып, барлық адами игіліктерге жетуге, Аршалы ауданын әр түрлі деңгейдегі жаңа спорттық жетістіктерге жеткізе берулеріңізді және дендеріңіздің саулығын тілеймін!

К. КНЯЗОВ,
Аршалы аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының м. а.

■ Абайтану

АБАЙДЫ МАҒЫ - АДАМДЫ МАҒЫ

«Шын хакім, сөзің асыл –
баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл
жүрсе дәмі кетпес.

Қарадан хакім
болған сендей жанның
Әлемнің құлағынан
әні кетпес!»,

-деп Мағжан ақынымыз жырлағандай, Абай атамyzды білмейтін қазақ жоқ шығар. Әлем халықтары бірі сәулет өнерімен, енді бірі музыкасымен, тағы бірі шешендік өнерімен мақтанатын болса, қазақ халқы да бай сөз өнерімен, өзінің «бас ақыны» Абай атамyzбен мақтана алады. Абай қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға. Мандай алды ақын. Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған жүздеген жүйрік жыраушы, ақындары бар қазақ әдебиетінде Абай орнының ерекше болуы тегін емес. Ұлы ақынды заман туғызады дейміз. Бұл үйреншікті қағида көрінгенімен, зер салып қарастыруды қажет ететін үлкен мәселе.

Абай шығармаларының мағынасын терең бойлап ұғып, түсіне алсақ, өткен заманды, елдің жайын, халықтың тағдырын, ой-арманын тани аламыз. Сол арқылы қазіргі заманды, кешегі мен бүгінгіні, келешегімізді де бағдарлаймыз. Абайды таныған сайын, оның болашаққа ұсынған ұсыныстарын біле бастаймыз. Еліне деген қандай сезіммен қарағанын түсінеміз. Абай тұлғасы туралы әлі де білікті-білікті талай сөздер айтылары тиіс. Өйткені Абай заманы басқа болатын, Абай қазақ танымның ұлттық бітімі бұзылмаған, қазақ тілінің ұлттық қаймағы бұзылмаған тұстағы ұлттық сананың ақыны. Абай әлемі, Абай дүниетанымы қазақ әдебиетінің тарихында бұрын-соңды болмаған өркениеттік самғау.

Абай-анық, заманы қанық. Әр жаңа толқын аныққа қаныға түскенді қалайды. Абайдың жаңа қадам, қаһармандық ісжасауына себеп-оның өз сынын біріктірген тұлға болғандығы. Ақын ойшыл ретінде қалыптасу жолында Абай Қазақтың

дәстүрлі мәдениетін, қазақ ауыз әдебиетіндегі пәлсапалық ой –аңсарды меңгерді. Абай атамyz медреседе оқып жүріп, шығыс поэзиясының тылсым сырына үңілді, оның жарқын үлгілерін оқыды. Сонымен қатар ақын зерек шағында орыстың рухани мәдениетін, поэзиясын



меңгеріп, сол арқылы Батыс руханиятына құлаш ұрды. Абай осы үш бастаудың суына мейірімді қанған талант қана емес, құдайдың ұлылық шарапаты дарыған дарын еді. Абай шығармаларының негізгі тұсы – адам проблемасы. Осы мәселені сөз етсек, мына жағдайды есте ұстағанымыз жөн. Абай Шығыс философиясын, дәстүрін саналылықпен жалғастырады. Сонымен қатар әлемдік кеңістікті, логиканы, қоғамды, мемлекетті, этиканы зерттеуге көңіл бөлген. Батыс философиясына, ең бірінші адамды, жан мен жүректі, психологияны көбірек зерттеген. Ал Шығыс философиясында адамды оның өмірін жан-жақты зерттеп, жақсылық пен жамандық, күшті мен әлсіз, қайырымдылық пен тоғышарлық туралы ойын қорытты. Абайдың пікірінше нағыз адам – өзіне жағдай, бостандық

сыйлайтын, еңбекке сүйенеді, оған іссіздік, жатыпшілік, алаяқтық жат. Нағыз адамның сезімталдығы, жүректілігі - сұлулық пен сүйіспеншілікті түсіне отырып әрекет етуге ұмтылады. Абайдың рахым деп отырғаны жүрек екенін білеміз. Абайдағы адамшылық негіздерін талдай отырып, ондағы ақыл, әділет, рахым жайлы ерекше мән беретіндіктен, Абай «адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қояды» - деген ой бекерден-бекер айтылмаса керек. Мұхтар Әуезов Абай шығармаларындағы ақыл, қайрат, жүрек жайлы түбірлі танымның ақын санасында сонау жігіттік шағында-ақ өзі таныған әлеуметтік орта мен шығыс кітаптарын оқу арқылы өз бойына дарытып, өзіндік етіп қорытқан ой қазынасы екенін хабарлаған. Абай адамгершілікті, әділеттілікті ең негізгі принцип ретінде поэзиялық туындыларында да, қара сөздерінде де үнемі атап көрсетіп отырады. Қайрат пен ақыл жол табар.

Қашқанға да қуғанға.

Әділет, шапқат кімде бар,

Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа,

алдың-жалын, артың мұз,
Барар едің қай жаққа? - дейді ақын. «Әсемпаз болма әрнеге» деп басталатын өлеңінде, ол әділеттілік, мейірбандық болмаған жерде ақыл мен қайрат та адамды жақсылыққа жеткізе алмайтынын білдіреді.

Осы ой –тұжырымды саралай келе, Абай адамдық қасиетті бойына жинақтай алған адам жан-жақты, толық бола алады деген ой түйді. Ол – абайдың толық адам жайлы философиясы еді. Ойшылдық өз сөзімен айтсақ:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек- толық болғанда ғана адам іс-әрекеті адамзаттық ақыл-ойдың саналы әрекеті жемісі болмақ.

М. МУХАМЕДИЯРОВА,
№ 3 Аршалы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.

«Болашақ үшін Естелік» атты халықаралық жобасы

ӨШПЕС ЕСТЕЛІК

Аршалы орталығындағы балалар шығармашылығында шілде айында айтулы оқиға болды. «Интернационалды-жауынгерлер» ескерткішіне қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Ескерткіш орналасқан саябақта балалар шығармашылығы орталығы да орналасқан. Ашқаннан кейін ескерткіштің негізі тірек бөлігі әбден тозған еді. Себебі, ол үйіміле бастаған кезде оны жөндеуге не бірде-қаражат, не тиісті материалдар болмады. Қайтадан қалпына келтіру туралы жұмысты жүргізу үшін ұсыныс жасаған кезде ешқандай қарсылықсыз бірден келіскен аудандық мәслихаттың депутаты, жауынгер-интернационалшы, Ауғанстандағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан Берік Қимадиұлы Оспанов еді.

Ескерткішті қаптауға арналған көтергіш бөлігін, барлық құрылыс материалдарын орнату үшін жаңа жағалау тактайшаларының барлық шығындарын өз мойнына алды. Бұл барлық сатып алынған материалдарды Астанада әкелуге Төлеген Илиупов қол ұшын берді. Берік Қимадиұлы қайта жаңғырту жұмысын жүргізген құрылысшыларға еңбек ақы төлеуді өз мойнына алды. Орындалған жұмыстарды қонақтар мен БШО ардагерлеріне көрсету үшін шағын мерекелік шара ұйымдастырды. Іс-шараға Валентина Терентьевна Одарич, Сережа туыстарымен бірге, Юрий Бережний – Екаторина Ивановна Липчанская, сондай-ақ жауынгер-интернационалдықтар, жергілікті жауынгерлік іс-қимылдарға қатысушылар. Бұл Крекер Владимир Давыдович Вьетнамдағы іс-қимылдарға қатысқан жауынгер, Рыпалев Николай Васильевич Чехословакия кезіндегі барлығына белгілі оқиғалар кезінде әскери қызметте болды, сондай-ақ жауынгер-интернационалдықтар, Ауғандағы ұрыс-қимылдарға қатысушылар. Сондай-ақ, балалар шығармашылығы орталығының еңбек ардагерлері, аға тәлімгерлері Арысланов

Джалил Аргенұлы, Байгузина Пану Аменқызы, Франц-кевич Лидия Григорьевна және басқалары. Шақырылған қонақтар, мұражайдың "Жады" атты сурет көрмесін тамашалады. Онда ескерткіштің соңғы жылдардағы ең толғандыратын және жүрекке жылы тиетін жарқын оқиғалар бейнеленген. Ресми бөлігі қонақтарды таныстырумен басталды. Одан кейін арқауы тақырыптық өлең жолдарымен жалғасын тапты. Бір минут еске алу үнсіздіктен кейін, Берік Қимадиұлы атына алғыс сөздерімен ұйымдастыру мен қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге зор үлес қосқаны үшін естелік сыйлығы тапсырылды. Берік Қимадиұлы өз кезегінде жиналған жұртшылықты ескерткіштің жаңартылып ашылуымен құттықтап, тарихи жәдігерлерді сақтауға келгенде оның жүрегі байыз таппай, өтінішті түсіне отырып қабылдағанын айтып өтті. Төлеген Жұматайұлы Илиуповке де материалдарды белсенді жеткізіп бергені үшін алғысын білдіріп, шағын сыйлығын табыстады. Барлық істің белгісі ретінде оның жай-күйін және рухани маңыздылығына қарай дәстүр бойынша шашу шашылады. Оның Байгузина Пану

Аменқызы өткізді. Ұлы Отан соғысының ардагері Беляев Георгий Семенович іс-шараға келіп қатысып, ескерткішті сақтау мен ондағы жүргізілген жұмыстарға ардагерлер тарапынан оң бағасын берді. Б.Қ.Оспановтың жеке ойын қолдайтынын білдіру үшін жауынгер-интернационалшылар кеңесінің төрағасы Мишук Павел Олегович шығып өзінің алғысын білдірді. Камила Таласпаеваның туған жер туралы әнінен кейін "Сөз орнына" атты тақырып аясында Ауғанстанда қаза болған Юрий Бережнийдің ол осы жылдың шілде айында 55 жасқа толар еді, сондай-ақ Сережи Одаричтің туғандары мен қонақтар сөз сөйледі. Бұл кездесу Сергейдің қайғылы жағдайда қаза болғанына 28 жыл толу қарсаңында өтіп отыр.

Сөз сөйлегендер бұл ескерткіш – әрқашан рухани санат пен адамгершіліктің айнасы екенін айтты. Жиі өтініштер мен көмекке келіп отыратын Берік Қимадиұлы бұл жолы да үлкен жомарттық танытты. Содан кейін жауынгерлерге арналған ескерткішке гүл шомарты қойылды. Ескерткіштің соны іс-шараға қонақ болып келген Гросс Лукьян Андреевичтің орындауындағы Р. Гамзатовтың әні мен сөзіне жазылған "Журавли" әнімен аяқталды. Жиналған қатысушылар әнді сүйемелдесе, ал біздің балалар шығармашылығы орталығының балалары аспаңға тырналар бейнесіндегі ақ шарларды әуелете ұшырды. Ал жаңартылған ескерткіштің тұғыры биіктетілсе, көгілдір аспаңға ұшырылған тырналар бейнесінен кейін кеудені мұңлы да толқыныстарға толы өлең шумақтары келетіні сөзсіз.

Н. КОРОСТЕЛОВА.

Өткенде Астананың туған күніне арналған бір мерекелік шарада көрмелік ретінде орнатылған қазақтың қасиетті киіз үйін көрдім. Сонда үй жасауларын аса құмарта қарап, қолымен сипап, сүзіле қарап шықтым. Бұрында көнеден келе жатқан үйді анда-санда көріп жүрсемде, өмір жасым өткен сайын, оған таңғаларлықпен және қызыға қарауды қояр емеспін. Ішінде неше түрлі оюлар, ағаштан жасалған ыдыс-аяқ, кереге, уық бедерлері, басқұрларға дейін тамашалап, басымды шайқадым. Расында, біздің ата-бабаларымыз қандай жосарғы бейнелеу өнерін мұраға қалдырған - деп қаласын!

ҚАЗАҚТЫҢ МАҚТАНЫШЫ КИІЗ ҮЙ



бояуды қайдан алған екен деген сұрақ туындау әбден мүмкін?

Бояу – тасты жерде өсетін қына. Мысалы, Оңтүстік жақта өсетін адыра-спан дейтін улы өсімдіктің майынан бояу ағызған.

Киіз үйдің «уықтың қарын айналы»

Уикипедия – ашық энциклопедияның мәлімет алсақ, киіз үй – Орталық және Орта Азия халықтарының көшпелі тұрғын үйі. Ол – көшпенділердің тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы үйі.

Бұл негізінде тарихымыздағы ең бірінші сәулеттік құрылыс. Талай ғасырлық көшпелі тұрмыс тәжірибесінен туған қазақтың киіз үйі – күннің аптабы мен түннің дым-сызынан, жауын-шашын мен аңыздан, бораннан сақтануға ыңғайлы, әрі ауалы, әрі жарық болудың үстіне көші-қонға қолайлы, оны жарты сағат ішінде жығып-артуға да, жарты сағат ішінде көлкітен түсіріп, тігіп алуға да болады.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта көпшілікте қазақ ғұрпын, киім-кешек, үй саймандарын бірсыдырғы тәуір білетін адамды таба алмайсың?! Сондықтан, көрнекті жазушы, Қазақстан Мемлекеттік сылығының лауреаты Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» романның (1-ші кітап. – Алматы: «Жазушы» баспасы. 2003. 272-274 бетте) «Ереймен баурайында» деген бөлімінде киіз үй туралы өте жақсы және анық түрде жазылған үзіндісіне назар аударайық:

Киіз үйдің түрі көп – 30-, 24-, 8-, 7-, 6-, 4- және үш қанатты болады. «Қанат деп кілеммен жабық тұратын ағаштан жасалған керегені айтады. Керегелердің жігін тұтас орайды. Мұны таңғыш дейді. Сонда неше қанат кереге болса, үйдің аты да солай аталады». Қазір елде көбінесе сегіз қанатты үйлер кездеседі. Бұрынғы уақытта «... екі қанаттан құрылған үй де болған, оны жаппа дейтін. Оны көшкенде, жолда тігеді. Үш қанаттан құрса тонқайма, немесе шаңырақ салма дейді. Жаб салма, не көтерме деген болады. Ол қысқа уықта үзіксіз тігіледі. Киіз үйдің шаңырағы - төбедегі дөңгелек, араларындағы шыбықтары күлдіреуіш. Сол шаңырақты ұстап, көтеріп тұрған саусақтарын – уық деп атайды...».

Киіз үйдің әр сүйегінің атауы, бас-басында аты бар. Мысалы, бұрынғы заманда «... кереге арасында шиді орналастыратын. Ши – далада өсетін биік, майысқақ ұзын шөп. Сыртын жүнмен ораған. Мұндай шиді шымыш дейді. Шиді, біріншіден, сәнге ұстаса, екіншіден, кереге сыртындағы киіз - туырлық желді күні желпілдеп, жалпылдап тұрмауы үшін, жел үрлеп ішке қуысталаып, сай-сай болып тұрмас үшін ұстайды».

Үйдің әр өрнегі әр түрлі бояу бар және де барлық ағаштар да боялған. Сол кезде қандастарымыз

ра жалпақ белбеу жүргізілген тегеріншісі болады. Ол уықты берік ұстау үшін, әрі сәндікке керек. Осындай жіп керегенің сыртында да бар. Бұл шаңырақты берік ұстау үшін қажетті белбеу. Содан соң шаңырақтан алып, босағаға бос байланған қара қыл, ақ жүннен ескен желбау болады: бір арқан желді, дауылды күні ортадағы ошақтың екі жағына қаққан қазыққа байланады. Бұл да үйдің беріктігіне сеп».

Үйде қаншама ағаш, киіз атаулыда бір шеге болмаса да, бәрі берік жымдасқан. Керегелердің екі жағын түюлі қайыс қосқан көкті жылқының жүнін жидіткен терісінен жасалады. Оны керегенің көгі дейді. Ал керегенің өзі екі түрлі. Мысалы үйдің керегесі тор көз болады, яғни көздері жиі, әдемі. Бұдан кеңіректері де болады. Оны жел көз дейді.

Үйдің сыртындағы киіздің аттары да өз алдына әр түрлі: жерден уықтың қарына дейін ұсталған киіз – туырлық. Туырлықтың қасынан бастап шаңыраққа дейін салынған киіз – үзік. Ал одан жоғары шаңырақ үстіндегі төрт бұрышты киіз – түндік. Түн болғанда, ұйықтар алдында, кейде жауын-шашында жабатын қаппақ-шатыр. Оның бауын арнайлы жіпке-белбеуге байлайды. Оны түндік бауы дейді. Ол төртеу. Желдің аңғарына қарай, осы баулар арқылы түндікті қайырып-жауып отырады. Ал үзіктің етек жағын жабық дейді. Кейде жасырын келген адам осы жабықтан сығалайды. Бұрынғы заманда жігіттер үйде жатқан қызға ұрланып келгенде, әдетте, үзіктің бауын киіп жіберіп осы жабықтан түседі!?!

Киіз үйдің есігінің биіктігі бір жарым метр, ені 0,8 метр келеді. Оған ағаштан оюлап жасалған «сықырлауық» деп аталатын аяқ-ма есік орнатылады. Сықырлауық сыртынан ораулы шиден тоқып, оюлы киіз қаптаған жаппа есік түсіріледі. Үйдің ортасында тамақ пісіретін ошағы болады. Үйдің оң жағында төсек, оның тұсына түскізі ұсталаып, төсекті қоршап шымылдық тартылады. Үйдің төріне жұқаяқ қойылып, оның үстіне абдыра, көрпе-жастық т.б. жүктер жиналады. Үйдің сол жағына кебезе, қазанаяқ, саба сияқты ыдыстар қойылып, шып-тамен қоршалады.

Киіз үй туралы «Бәрін айта берсе – бір жұмаға әңгіме таусылмайды. Үйді қалай тігу, киізді қалай қарнып бекіту, оны талдыру» деген сияқты толып жатыр...

Е. ҚАБЫЛДА,

Береке ауылының тумасы.

СІЗДЕРДІҢ КӨМЕКТЕРІҢІЗ АУАДАЙ ҚАЖЕТ!

Егерде басыңызға ауыр күндер туса, әсіресе бала ауырса, жалғыз өзің бұнымен күресу әріне қиын. Сіздерден аршалылық жерлесіміз Владислав Воеводаға көмектесуге қол ұшын берулеріңізді сұраймыз. Ол қазір 9 жаста. Ол жігіт лимпа аймағының лейкозы ауруымен ауырады. 2016 жылдың 14 маусымынан бері Астана қаласындағы онкология бөлімінде бүгінгі күнге дейін қарқынды химиятерапиясын қабылдап жатыр. Жедел түрде емделуге қаражат керек. Қандай да бір материалдық көмек көрсетсеңіздер алғысымыз шексіз болар еді. Ендеше, барлығымыз бірге Владиславқа көмек қолын созып, оның өмірге деген құлшынысын арттыруға мүмкіндік берейік. Көмек қолын сөзмен деушілерге Аршалы аудандық халық банк бөлімшесіндегі төмендегідей есеп-шот арқылы ақша жіберулеріңізге болады: **KZ446010002007400178.**

■ Қазақтың салт- дәстүрлері

ШАҢЫРАҚТЫҢ ШАТТЫҚ ТОЙЛАРЫ

Әр шаңырақтың қарапайым, салтанатты түрде атап өтетін мереке, тойлары бар. Олардың кейбіріне көп қонақ шақырылса, кейбіріне ең жақын туған-туыс, көрші-көлем ғана келеді. Той – қуаныш-қызықты бірге бөлісу үшін ағайынның басын қосу, туған-туысты ынтымақ-ырысқа шақыру, өзара қарым-қатынасты нығайту, ұлттық салт-дәстүрді ұлықтау. Алайда мал-мүлік шашып, атын шығару үшін көл-көсір той жасау – астамшылық, ысырапқорлық. Тек, Аллаһ Тағала әр шаңырақты «Баласына бір той жасап бере алмай, бұл өмірден өтіп кетті-ау, қанша адам!», – деп ақын жырлаған өкініштен сақтағай!



ШІЛДЕХАНА

Халықтың ескі сенімінде жаңа туған нәрестені жалғыз қалдырса, әртүрлі «жын-шайтан», «перілердің» салқыны соғуы мүмкін. Сондықтан да одан оны қорғау үшін сәби дүниеге келген күні кешкілік ауыл жастары шілдеханаға жиналып, ән айтып, күй тартады. Қыз-келіншектер мен бозбалалар айтысып, жеңгендері тоғызын алып, әртүрлі ойындар өткізіледі. Кейде шілдехана үш күнге созылады. Шілдеханаға жастар жиналады. Оған үлкендер бата беру үшін ғана келеді. Шілдехана тойында жаңа босанған әйел үшін қалжаға сойылған малдың еті ортаға келгенде жер білетін бір кісі омыртқаны қолына алып, оның етінен әйелдердің бәріне ауыз тигіздіртіп, әбден мүжіп, тазартады да, сүйекті тобылғыға тізіп, үй ішіндегі биік жерге іліп қояды. Мұнысы – баланың мойны тез бекісін деген ырым.

БЕСІК ТОЙЫ

Жаңа туған баланы бесікке салу – ізгі дәстүр. Қазақ оны тойға ұластырады. Баланы бесікке салу тойына әйелдер шашуларын ала келеді. Жас сәбидің ұйқысы тыныш болуы үшін бесікті адыраспанмен аластайды. Ауылдың, әулеттің жасы үлкен, беделді әйелі бесіктің әбзелдерін орын-орындарына қойып, аластағаннан кейін «тыштыма» ырымын жасайды. Бесікке бала бөленгеннен кейін үстіне ырымға сәйкес жеті түрлі нәрсе (көрпе, шапан, кебенек, тон, жабу, жүген, қамшы тәрізді) жайылады. Бесікке тон, шапан жабу – ержеткенде халықшыл болсын деген, жүген жабу – тез өсіп, ат үстінде ойнақ салсын деген, кебенек пен қамшы жабу – ел қорғайтын ер болсын деген тілек. Үй иесі баласын бесікке салған адамға өз ризашылығымен сақина, жүзік, білезік, сырға, маға тәрізді қымбат бұйымдарды сыйлайды. Бесікке салу тойында ән де айтуға, күй де тартуға болады. Бұл тойда да адамдар ет жеп, шай ішіп, әзіл-қалжың айтысып, мәз-

мәйрам болып тарқасады. Бесікті адыраспанмен аластағанда былай дейді:

— Алас, алас, баладан алас, Иесі келді, пәлесі көш!
Алас, алас, пәледен қалас.
Көзі жаманның көзінен алас,
Тілі жаманның тілінен алас!
Отыз омыртқасынан алас!
Қырық қабырғасынан алас!

ТҰСАУ КЕСЕР ТОЙЫ

Баланы бесікке салу, тұсауын кесу тойына кімдерді, қанша қонақ шақыру керектігін ата-анасының өздері шешеді. Қазақтар шақырусыз келген қонақтарға кет демейді. Бірақ та шақырусыз келген қонақты жақтырмайтын да үй иелері бар. Ыңғайсыз жағдайға қалмау үшін соны да ойлаған жөн. Бала бесіктен шығып, еңбектеуден өтіп, қаз-қаз жүре бастағанда тұсауын кесіп, тұсау кесер тойы жасалады. Ата-анасы бұл тойға да мал сояды. Немесе мүшесімен ет асады. Дәулетті адамдар көкпар да тартқызып, соңын думанды тойға ұластырады. Жиналған көпшіліктің арасынан жүрісі жылдам, қимылы ширақ, іске епті адам таңдап алынып, баланың тұсауын кесуді соған тапсырады. Тұсау кесерге арнайы ала жіп дайындалады. Бұл ала жіп аттамасын (ұрлық, зорлық жасамасын) деген ырымнан, тілектен шыққан. Сол жіппен баланың аяғын тұсап, соны кестіреді. Тұсауы кесілген соң, сәбиді екі адам ортаға алып шығып, тез-тез жүргізеді. Осы кезде «тұсаукесер» жыры айтылады. Бала алғаш отырғанда, бала алғаш жүргенде, баланың тұсауын кескенде мынандай тілектер айтқан абзал:

Бала алғаш отырғанда:
— Отырсын балам, отырсын,
Құшағын гүлге толтырсын.
Бала алғаш жүргенде:
— Тәй-тәй балам, тәй балам,
Жүре қойшы жай балам.
Қарыс сүйем қаз бастың,
Қадамыңнан айналдым.
Баланың тұсауын кескенде:
— Күрмеуінді шешейік;
Тұсауыңды кесейік.

Ала жіпті алайық,
Әжеңе алып барайық.
Ер жетті деп айтайық,
Шашуын жеп қайтайық.
Қаз-қаз балам, қаз балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Тағы-тағы баса ғой,
Тақымыңды жаз, балам,
Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың!

ТІЛАШАР ТОЙЫ

Бүлдіршіннің тілі жеке-жеке сөздерді айтуға икемделе бастағанда ауылдың ділмар, шешен ақсақалдарын шақыртып, баланың тілі тез шықсын деген ниетпен «тілашар тойы» жасалады. Тойда «тілін тез шықсын!» деп, сәбиге қойдың тілін жегізеді. Қойдың ішегімен баланы жорта буындрып тұрып: «Сөйлейсің бе?», — деп, үш рет «сөйлеймін» деген уәдесін алады. Сонан соң ақсақалдар: «Сандуғаштай сайрап кет!», «Жиреншедей шешен бол, Жәнібектей көсем бол!», — деп ақ батасын береді

СҮНДЕТ ТОЙЫ

Ата-анасы сүндет тойын өткізетін сәтті күнді алдын-ала белгілейді. Сүндет тойға ғана тән өзіндік ерекшелік – тойға қонақтарды баланың өзі шақырады. Бұрындары сүндет тойы өткізілгенде айшықты тарланбозға мінген сәнді киімді бір бозбала мен құйрығы шарт түйілген жорға мінген сүндет бала ауылды аралап, көпшілікті тойға шақыратын. Сүндет баланың бауырсақ пен көмпит толтырылған қоржынынан ат басын тіреген үйіндегілер дәм татқан, түсті матаны жыртып, бала мінген жорғаның жалына байлаған. Сәрсенбі күні сүндетке отырғызылған баланың тойына келгендер «сүндет қабыл болсын!», — деп, баланың айналасын жеміс-жидек, тәтті дәмге толтырады, көрімдік береді.

Дәстүрлі үйлену тойы. Оның мынандай 8 кезеңі бар: қыз таңдау, қыз айттыру, жаушы жіберу, құда тұсу тойы, есік-төз көрсету тойы, ұрын той, қыз ұзату тойы, келін түсіру тойы. Құда тұсу тойында жігіттің туған-туыскандары құдалыққа қыз ауылына барып, қонақасы жеп, бата бұзбауға серттеседі, құйрық-бауыр жесіп, құда-құдағи болады. Есік-төз көрсету тойында қыздың туған-туыскандары жігіт ауылына қарсы тойға барып, құда тұсу тойындағыдай кәделерін береді. Ұрын той күйеу баланың қалыңдығымен кездеуіне мүмкіндік туғызу үшін жасалады. Мұнда күйеу баладан: ентікпе, шатыр байғазысы, балдыз көрімдігі, қыз қашар, күйеу қашыар, желі тартар, ит ырылдар, бақан салар, үйге кірер, кемпір өлді, шымылдық ашар, төсек салар, қыз құшақтатар, шаш сипар, көрпе қимылдатар кәделері алынады. Қыз ұзату тойында құда-құдағидан, күйеу баладан: ат байлар, құдай жолы, шаңырақ көтерер, уық шаңшар, туырлық жабар, түндік жабар, үзік жабар, бау-шу байлар, отау байғазысы тәрізді кәделер алынып, қыз бен жігіт ақ отауда онаша кездеседі, некесі қиылады, түрлі ойын-сауық өткізіліп, «Жар-жар» айтылады, қыз аттанарда «сыңсу» айтылып, қыз ұзатылады. Келін түсіруде «Беташар» айтылады, той, негізінен, қыз ұзату тойымен

бірдей өткізіледі

ТӨСЕК ТОЙЫ

Келін төсегімен жүкті болғанында оны астыртын бір абысынына жеткізіп, ол енесіне барып хабарлайды. Осы жақсы хабарды естіген ене әйелдердің басын қосып, еркектер араласпайтын төсек тойы деп аталатын ырымды жасап береді. Қазақтың дәстүрлі төрт тойы **Наурыз мейрамы** – күн мен түн теңелген кезде, 22 наурызда тойланады. Онда адамдар наурыз көже ішіп, бірін-бірі Наурыз мейрамымен құттықтайды. Сол күні халық бұлақтардың көзін ашып, тал егіп, ізгі істермен айналысады. **Қымызмұрындық – жаз тойы.** Ол мамыр айынан бастап маусым айына дейін созылады. Осы кезде биелер желіге байланып, ағайын, туған-туыс, көрші-көлем бірін-бірі қымыз ішуге шақырады. Қымызмұрындықта құран оқылып, мал сойылып, түрлі ойын-сауықтар да өткізіледі. **Мизам (сабан той)** – күз айында диқандар мен бағбандардың, жиналған өнімдердің құрметіне арнап өткізілетін той. Сабан тойда түрлі жарыстар, ойын-сауықтар ұйымдастырылады.

Соғым басы – қыс тойы. Қар жауып, аяз түсіп, адамдар соғым сойғанында, одан ауыз тиюге көрші-көлемін, туған-туыстарын қонаққа шақырады. Олар: «Соғым сүйгін болсын!», — деп тілек айтады. Қыстың ұзақ түнінде соғым басына жиналған ауыл адамдары терме, қисса, ертегі тыңдап, көңілдерін көтереді. **Діни мерекелер:** **Ораза айт, Құрбан айт, Мәуліт. Оразаайт**—ФарзОразауақытының, Рамазан айының аяқталуының құрметіне мұсылмандар тойлайтын мереке. Ораза айт мейрамы Шәууәл айының бірінші жұлдызында басталып, үш күнге созылады. Мұсылмандар бірін-бірі Ораза айтпен құттықтап, бір-бірінен айттық алады. **Құрбан айт** – Зұлхиджа айының 10 күні басталып, 3-4 күнге созылады. Құрбан айт ыжра жыл есебінің басы болып саналады. Құрбан айтты мереке-леу бозала таңнан басталады. Қасиетті Құрбан айтта мүмкіндігі бар мұсылмандар Аллаһ Тағаланың ризашылығы үшін мал сойып, құрбандық шалады. Жағдайы жоқ адамдарға құрбандық шалу міндет емес. Құрбан айттың алғашқы күні – Қазақстанда демалыс. Мәуліт мерекесі – Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың туылған күніне арнап өткізіледі. Мәуліт – Пәкістаннен ресми мерекесі. Мәулітте Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) арнап мәуліт оқылады, құранды мәнерлеп оқудан жарыс өткізу тәрізді түрлі діни шаралар ұйымдастырылады.

Туған күн тойлары Әрбір ата-ана баласының бір жасқа толғанынан бастап, жыл сайын туған күнін атап өтеді. Мұның ішінде баласының ең алғашқы мүшел жасқа (13 жасқа, содан кейінгі мүшел жас оған 12 жылды қосып отыру арқылы анықталады) толып, одан аман-сау өтуі ата-аналар үшін үлкен қуаныш. Жас сәби ержетіп, азамат болғаннан кейін өз туған күнін өзі өткізеді, оған құрбы-құрдастарын шақырады, ата-

аналарына да дастархан жайып береді. Туған күннің ішінде 40, 50, 60, 70, 80, 90, 100-ге толу – мерейтой болып саналады. Дәулеті барлар оны үлкен тойға айналдырады. Мерейтойы мүшел жасының алдында келсе, мүшел жастан шыққаннан кейін барып той жасайтындар бар. Өйткені, халық сенімінде мүшел жас әртүрлі ауыртпалықтарға толы. **Отбасылық өмірдің әр жылындағы тойлар** Ерлі-зайыптылардың неке-ге тұрғанына, сөйтіп, шаңырақ құрғанына белгілі бір уақыт толғанда атап өтетін тойлары болады. Еуропалықтардың бұл дәстүрінің кейбірі қазақ отбасыларына да тән. Мысалы, отбасының күміс тойын, алтын тойын өткізуі. Біз енді отбасылық өмірдің әр жылындағы тойларға тоқталсақ. **Шыт той** — отбасы құрғаннан кейін бір жыл өткен соң атап өтіледі. Бұл күні ерлі-зайыптылар бір-біріне шыт орамал сыйлайды. **Ағаш той** – отбасылық өмірдің бесжылдығына орай аталып өтіледі. Бұл күні ерлі-зайыптылар бір-біріне ағаштан жасалған бұйымдар сыйлайды. **Раушан той** – онжылдық бас қосу мерекесі. Бұл күні достар қонаққа шақырылады, барлығы қолдарына раушан гүлдерін ұстап билейді. **Әйнек той** – онбесжылдық той. Бұл күні сыйлық шыныдан істелген бұйымдар болуы шарт. Әйнек – ерлі-зайыптылар қарым-қатынасының мөлдірлігінің куәсі болмақ. **Фарфор той** – отбасылық өмірдегі жиырма жылдан кейін атап өтіледі. Шақырылған меймандарға тағамдар фарфордан жасалған жаңа ыдыстарға салынып тартылады. **Күміс той** – жиырма бес жылдан кейін аталып өтіледі. Бұл күні некелік алтын сақинаның қасына күміс сақина қосылуы керек. **Інжу той** – отыз жылдан кейінгі той. Бұл күні күйеуі әйеліне алқа сыйлауы керек, бұл өткен күндердің бәрін де інжудей тартымды болғанының куәсі болмақ. **Кенеп той** – отыз бес жылдан кейін тойланады. Бұл күні кенептен тігілген заттар сыйланып, кенеп дастарқан жайылады. **Лағыл той** – қырық жыл өткеннен кейінгі мереке. Бұл күні сыйланған алтын сақинаға махаббат пен жалынның белгісі – лағыл орнатылған болуы шарт. **Алтын той** – отбасылық өмірдің елу жылдық торқалы тойы. Мерекелік алтын сақиналар жаңа сақиналармен ауыстырылады. **Гауһар той** – отасқанына алпыс жыл өткенде тойланады. Мұны атап өту – ендігі жерде бұл некені ешкім бұза алмайды деген ұғымға саяды. **Темір той** – ерлі-зайыптылық өмірдің алпыс бес жылдығында өтеді. **Тас той** – мұның бір ерекшелігі, неке қиылғанына алпыс жеті жарым жыл өткенде аталып өтіледі. **Игілікті той** – жетпіс жыл өткенде тойланады. **Тәждік той** – бұл ең соңғы той болып есептелмек, отбасылық өмірдің жетпіс бес жылы өткенде атап өтіледі. Той-тойға ұлассын, ағайын!

■ Тіл тағдыры - ел тағдыры

Әр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы – ана тілі. Қазақстан Республикасының негізгі тілі – мемлекеттік тілді, яғни, қазақ тілін құрметтеу, оны білу – біздің әрқайсысымыздың асыл парызымыз. Қазақстан Республикасының ХХІ ғасырағы болашағы, шығар биіктері саяси-экономикалық факторлармен қатар, оның мемлекеттік тілі – қазақ тілінің де дамуына тікелей байланысты. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесі Ата Заңымызда анық айқындалған.

Елбасымыз да «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!» деп қадап көрсетті. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан «Мен қазақпын» деп бас көтергеннен бастап, арада екі онжылдыққа жетер уақыт өтті. Осы азды көп уақытта еліміз көптеген жетістікке, биіктерге жете білді. Халықтың әлеуметтік жағдайы көтеріліп, заң, өнеркәсіп,

ғылым, экономика, денсаулық сақтау салалары өз алдына даму үстінде. Бүгінгі күннің өзекті мәселерінің бірі - тіл мәселесі болып отыр. Қазақ тілін дамытуда әр сала өз үлесін қосуы керек. Тек сонда ғана әр қазақстандық қазақ тілін игеріп, еркін ойын жеткізіп, сөйлесе алатын болады. Өзіміз ана тілінде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді

құрметтемейді. Қазақ халқы өз елінің шапшаң дамып келе жатқанын ана тілінің даму деңгейінен көргісі келеді. Әрине, бұл салада жеткен жеке мәз емес. Оны сол тілді туғызған халықтың өзі бағалап отыр. Елбасы мемлекеттік тілдің өткені мен бүгінгісін ескере отырып, тілдің даму стратегиясының іргетасын қалап берді, әлбетте, стратегия үш тұғырға қонуы шарт. Олар: басқару, ұйымдастыру, ақпарат. Тілдік даму стратегиясы саяси жаңару тұрғысында орын алуы тиіс. Елбасы қазақ тілінің болашағына сенеді. «Үш тұғырлы тіл саясаты» негізінде қазақ ағылшын, орыс тілдерін дамыту мәселесі көтерілгені, мемлекеттік тілдің дамуына нұқсан

келетін болды деп уайымдайтындар да баршылық. Дегенмен, Елбасының өзі : «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маньзылысы бола береді»- деп ескертті. Ал, көпұлтты мемлекет ретінде орыс тілінің дамуы Қазақстанды мекендеген әр ұлт өкілдерінің арасындағы қарым- қатынас тілі ретінде, сыртқы саясатта, көршілермен байланыста аса маңызға ие. Әрбір жүрегі елім деп соққан адамның өзінің халқына, тіліне деген ерекше сезімі болатыны сөзсіз. Ұлттық санасы ояу ғана адамның өз елінің шын жанашыры екені белгілі. Халқымыздың халықтығының басты белгісі – тілі болса, оның көркеюі үшін

әлі де талай жұмыстар жасалуы қажет. Ел тәуелсіздігі – тіл тәуелсіздігі, тіл – ұлттың төлқажаты, мемлекеттік тұғыры демекші, болашақтың берік іргетасын бүгін қалау қажет.

«Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құрри бастағанын көрсетеді» деп М.Жұмабаев айтқандай, мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейтіп, мәртебесін биіктету – әрбір мемлекет үшін басты мақсат. Мемлекеттік тілді меңгеру-баршамыздың парызымыз!

Р. МАХАНОВ,
Аршалы ауданының
тілдерді оқыту орталығының
директоры.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ



Ақмола облыстық «Қазақстан» РТРК»

АҚ филиалының 2016 ж.

22-28 тамызға дейінгі бағдарламасы

«Қазақстан-Көкшетау»

22 ТАМЫЗ. ДҮЙСЕНІ

09.00 Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Әнұраны

09.05 «Ақтуальная тема». Передача

09.35 «Телемаркет»

09.40 К/ф «Бір мезетте»

11.05 «Телемаркет»

11.10 Т/с «Үй болу қиын». 15,16

серия

12.05 «Әдемі ай». 32 серия

12.30 «Телемаркет»

12.35 «Ақтуальная тема». Передача

13.00 «Телемаркет»

13.05 «Ақмола KZ». Хабар

13.15 «Телемаркет».

13.20 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

13.30 «Аймақ ақпарат»

14.00 Т/с «Арман асуы». 7 серия

14.50 «Телемаркет»

14.55 М/ф «Лупдиду».

15.00-17.50 техникалық үзіліс

17.50 «Экспертное мнение»

17.55 «Телемаркет».

18.00 «Аймақ ақпарат»

18.30 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир

19.00 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

19.10 «Салауат». Передача

19.20 «Телемаркет»

19.25 «Пәрменді пікір».

19.30 «Өзекті әңгіме». Хабар

20.00 «Аймақ ақпарат»

20.30 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

20.40 «Салауат». Передача

20.50 «Пәрменді пікір».

20.55 «Телемаркет»

21.00 «Аймақ ақпарат»

21.40 «Өзекті әңгіме». Хабар

22.10 «Телемаркет»

22.15 Т/с «Если у вас нету тети». 1

серия

23.05 «Телемаркет»

23.10 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

23.20 «Салауат». Передача

23.30 «Аймақ ақпарат»

00.10 Т/с «Отблески». 22,23 серия

01.50 Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Әнұраны

23 ТАМЫЗ. СЕЙСЕНІ

09.00 Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Әнұраны

09.05 «Аймақ ақпарат»

9.45 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

9.55 «Телемаркет»

10.00 «Өзекті әңгіме». Хабар

10.30 «Телемаркет»

10.35 «Салауат». Передача

10.45 «Экспертное мнение»

10.50 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

11.00 «Аймақ ақпарат»

11.40 «Телемаркет»

11.45 «Әдемі ай». 33 серия

12.05 М/ф «Венди» 17 серия

12.30 «Телемаркет»

12.30 «Өзекті әңгіме». Хабар

12.35 «Телемаркет».

13.05 «Салауат». Передача

13.15 «Телемаркет».

13.20 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

13.30 «Аймақ ақпарат»

14.00 Т/с «Если у вас нету тети». 1

серия

14.50 «Телемаркет»

14.55 М/ф «Лупдиду».

15.00-17.50 техникалық үзіліс

17.50 «Экспертное мнение»

17.55 «Телемаркет».

18.00 «Аймақ ақпарат»

18.30 «Ақтуальная тема». Прямой

эфир

19.00 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

19.10 «Наша служба». Передача

19.20 «Экспертное мнение»

19.25 «Телемаркет».

19.30 «Ақтуальная тема». Передача

20.00 «Аймақ ақпарат»

20.30 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

20.40 «Наша служба». Передача

20.50 «Экспертное мнение»

20.55 «Телемаркет».

21.00 «Аймақ ақпарат»

21.45 «Ақтуальная тема». Передача

22.10 «Телемаркет»

22.15 Т/с «Если у вас нету тети» 2

серия

23.05 «Телемаркет»

23.10 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

23.20 «Наша служба». Передача

23.30 «Аймақ ақпарат»

00.10 Т/с «Отблески». 24, 25 серия

01.50 Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Әнұраны

24 ТАМЫЗ. СӘРСЕНІ

09.00 Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Әнұраны

9.05 «Аймақ ақпарат»

9.45 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

9.55 «Телемаркет»

10.00 «Ақтуальная тема». Передача

10.30 «Телемаркет»

10.35 «Наша служба». Передача

10.45 «Пәрменді пікір»

10.50 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

11.00 «Аймақ ақпарат»

11.40 «Телемаркет»

11.45 «Әдемі ай». 34 серия

12.05 М/ф «Венди» 18 серия

12.30 «Телемаркет»

12.35 «Ақтуальная тема». Передача

13.00 «Телемаркет»

13.05 «Наша служба». Передача

13.15 «Телемаркет».

13.20 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

13.30 «Аймақ ақпарат»

14.00 Т/с «Если у вас нету тети». 2

серия

14.50 «Телемаркет»

14.55 М/ф «Лупдиду».

15.00-17.50 техникалық үзіліс

17.50 «Пәрменді пікір»

17.55 «Телемаркет».

18.00 «Аймақ ақпарат»

18.30 Т/с «Үй болу қиын». 17,18 серия

19.30 Д/ф «Сөнбес сәуле».

20.00 «Аймақ ақпарат»

20.30 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

20.40 Документальный фильм

20.55 «Телемаркет».

21.00 «Аймақ ақпарат»

21.40 Д/ф «Келбет».

22.10 «Телемаркет».

22.15 Т/с «Если у вас нету тети». 3

серия

23.00 «Телемаркет»

23.05 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

23.25 «Пәрменді пікір»

23.30 «Аймақ ақпарат»

00.10 К/ф «Сардар».

01.35 Д/ф «Келбет».

01.50 Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Әнұраны

25 ТАМЫЗ. БЕЙСЕНІ

09.00 Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Әнұраны

9.05 «Аймақ ақпарат»

9.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж

9.55 «Телемаркет»

10.00 Т/с «Үй болу қиын». 17,18 серия

11.00 «Аймақ ақпарат»

11.40 «Телемаркет»

11.45 «Әдемі ай». 35,36 серия

12.35 М/ф «Венди» 19 серия

12.55 «Телемаркет»

13.00 Д/ф «Келбет».

13.25 «Телемаркет».

13.30 «Аймақ ақпарат»

14.00 Т/с «Если у вас нету тети». 3

серия

14.50 «Телемаркет»

14.55 М/ф «Лупдиду».

15.00-17.50 техникалық үзіліс

17.50 «Экспертное мнение»

17.55 «Телемаркет».

18.00 «Аймақ ақпарат»

18.30 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир

19.00 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

19.10 «Один день из жизни». Передача

19.25 «Телемаркет».

19.30 «Өзекті әңгіме». Хабар

20.00 «Аймақ ақпарат»

20.30 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

20.40 «Один день из жизни». Передача

20.55 «Телемаркет».

21.00 «Аймақ ақпарат»

21.40 «Өзекті әңгіме». Хабар

22.10 «Телемаркет»

22.15 Т/с «Если у вас нету тети». 4

серия

23.00 «Телемаркет»

23.05 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

23.15 «Один день из жизни». Передача

23.30 «Аймақ ақпарат»

00.10 К/ф «Кек».

01.35 Д/ф «Келбет».

01.50 Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Әнұраны

26 ТАМЫЗ. ЖҰМА

09.00 Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Әнұраны

9.05 «Аймақ ақпарат»

9.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж

9.55 «Телемаркет»

10.00 «Өзекті әңгіме». Хабар

10.30 «Телемаркет»

10.35 «Один день из жизни». Передача

10.50 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

11.00 «Аймақ ақпарат»

11.40 «Телемаркет»

11.45 «Әдемі ай». 37 серия

12.05 М/ф «Венди» 20 серия

12.30 «Телемаркет»

12.30 «Өзекті әңгіме». Хабар

12.55 «Телемаркет»

13.00 «Один день из жизни». Передача

13.15 «Телемаркет».

13.20 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

13.30 «Аймақ ақпарат»

14.00 Т/с «Если у вас нету тети». 4

серия

14.45 «Телемаркет»

14.50 М/ф «Лупдиду».

15.00-17.50 техникалық үзіліс

17.50 «Пәрменді пікір»

17.55 «Телемаркет».

18.00 «Аймақ ақпарат»

18.30 «Ақтуальная тема». Прямой

эфир

19.00 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

19.10 «Ақмола KZ». Хабар

19.25 «Телемаркет».

19.30 «Ақтуальная тема». Передача

20.00 «Аймақ ақпарат»

20.30 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

20.40 «Ақмола KZ». Хабар

20.50 «Пәрменді пікір»

20.55 «Телемаркет».

21.00 «Аймақ ақпарат»

21.40 «Ақтуальная тема». Передача

22.10 «Телемаркет»

22.15 Т/с «Если у вас нету тети». 5

серия

23.00 «Телемаркет»

23.05 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

23.15 «Ақмола KZ». Хабар

23.30 «Аймақ ақпарат»

00.10 К/ф «Өкенін бесік жыры».

01.35 Д/ф «Келбет».

01.50 Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Әнұраны

27 ТАМЫЗ. СЕНІ

09.00 Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Әнұраны

9.05 «Аймақ ақпарат»

9.45 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж

09.55 «Телемаркет»

10.00 «Спорт Life». Хабар

10.10 «Салауат». Хабар

10.20 «Телемаркет»

10.25 Д/ф «Жарқын бейне».

10.45 «Экспертное мнение»

10.50 «Ақмола KZ». Хабар

11.00 «Аймақ ақпарат»

11.40 «Наша служба». Передача

11.50 «Әдемі ай». 38 серия

12.25 М/ф «Бала — тілі бал».

12.40 «Экспертное мнение»

12.45 «Ақмола KZ». Хабар

12.55 «Телемаркет»

13.00 «Аймақ ақпарат»

13.40 «Телемаркет»